

ӘОЖ 002.2

Р.С. Әбдиева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: Roza_kkz@mail.ru

Әлемдік өркениет кеңістігіндегі кітап мәдениетінің даму барысы

Аңдатпа. Мақала әлемдік өркениет кеңістігіндегі кітап мәдениетінің даму барысы жайлы жазылған. Мәдениет пен өркениет тарихта ұдайы қатар жүріп келеді. Кітап – мәдениеттің ажырамас бөлігі. Көпқырлы мәдениеттің бір қыры – кітап мәдениеті туралы айтылар идеялар да, ойлар да осы уақытқа дейін әртүрлі маңызға ие. Сондықтан кітап ісінде бір-бірін толықтыратын да, алшақтататын да философиялық идеялар, ғылыми тұжырымдар көп. Соның ішінде ғалымдардың ең қажетті деген пікірлері туралы осы мақалада жазылады. Автор кітап мәдениетінің әлемдік өркениет кеңістігіндегі көрінісін сипаттап, өзіндік ғылыми ойларын тұжырымдайды.

Түйін сөздер: өркениет пен кітап, кітаптың палеографиясы, кітап кодикологиясы, герменевтикалық семантика, постмодернизм доминанттары, интерпретациялық құрылымдар.

Кітап мәдениетінің әлемдік өркениеттерде дамуы, оның қалыптасу тарихы тас ғасырынан тамыр тартады. Ұрпақтарға мирас болған таңбалар, көне мәдениетіміздің бастау бұлағы таңбалы тастағы бейнелер, мұны ежелгі ата-бабаларымыздың аманаты десек те болады. Оларды петроглиф (тас және қашау) деп атаған [1]. Жазу өнерінің бастапқы түрі болып табылатын бұл таңбалардың сан алуан бояулармен әрлендіргенге дейінгі ұзақ даму сырлары бар. Тастағы жазулар біздің баға жетпес асыл қазынамыз, бүгінгі жазу мен өнеріміздің бастау көзі. Осы жазу-сызу арқылы пайда болған кітап адамзат мәдениетінің дамуына барынша үлес қосып келе жатыр. Кітап басу ісінің пайда болуы адамзат тарихындағы мәдени-саяси оқиға болды. Ресей тарихшысы И. Карамзин бұл жайында: “Адамзаттың ақыл-ой тарихы екі ұлы дәуірді біледі: біріншісі, әріптерді ойлап табу болса, екіншісі баспахананы ұйымдастыру. Ал басқа табыстары – осы екеуінің нәтижесі” деді.

Ал неміс ғалымы Георг Кристоф Лихтенберг “Әлемді алтыннан гөрі қорғасын өзгертті, оқтағы қорғасын емес, типография литеріндегі қорғасын” [2] деп айтқан болатын

Кез келген кітап сол заманның мәдени климатын құрайтын жемісті мәдени идеялардың ықпалымен қалыптасты. Кітап шығарушының мәдениетке қызығушылық танытуы міндетті болмаса да, оның кітабындағы, мәдени композициясындағы эмоционалды-мазмұндық мәнмен кітаптағы мәтіндікталдау мәдениеттілікті құрайды. Сондықтан да әр адамның әлемге, өмірге құштарлығы мәдениет болып саналады. Антоний Кэмпинскийдің сөзімен түсіндірсек: “Өркениет – әлемге өктемдік жүргізу болса, мәдениет – әлемге деген махаббат” [2, 202-б.].

Әрбір ұлттық мәдениет өзіндік оқшауланудан шығып және өзіндік ерекшелігіне орай, жалпыадамзаттық мәдениет құндылығы деңгейіне сай болуда. Олардың жарыса күресуінен, бірлесе әрекет етуінен бір кезеңдері әлемдік

таралымға ие болатын экономикалық және саяси күш-қуатты мәдениет туады.

Өркениет ұғымына заманымыздың белгілі тарихшысы ағылшын А. Тойнби табиғи бір ортада динамикалық даму кезінде біріккен қоғамы тұтастық деп қарайды. Дамудың эволюциялық барысында белгілі кеңістікте қоғамға тән мәдени-экономикалық, рухани ортақтық, өркениеттік тұтастық қалыптасады. Ол сол қауымның – адам баласының дамуындағы қол жеткен деңгейін көрсетеді. Өркениет жөнінде М. Қозыбаев мынадай пікірлер айтады:

“1. Өркениет тірнек (материальная), көрнек (духовная) мәдениеттің ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі.

2. Бір немесе бірнеше этностардың (халықтардың) этнодемократиялық, мәдени әлеуметтік бірлігіне негізделген өркениет ауқымы бірде есіліп-көсіліп, бірде тарылып-қысылып дамығанмен оның өзегі негізді болады.

3. Өркениет – мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі [3].

Өрине, өркениетке деген ынта-ықыластың өрлеуі еліміздегі мәдениетті өміріміздің өлшемі мен кепілі, рухани жетістігіміздің, мәдени тәртібіміздің нәтижесі деуге болады. Әр адам өзінің адамдық қасиетін, мәдениетін, құндылығын биік дәрежеде көрсете білсе бұл да өркениеттің бүгінгі табысы деуге болады. Ал осы өркениеттің бір көрінісі – кітап екені және сол кітаптың мәдениеті екені айғақ. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев осы кітап жайында, оның мәдениеті хақында: “Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі – бейбітшілікті, екіншісі – руханиятты, үшіншісі – табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы.

Болайын ба, әлде болмаймын ба деген Адамзат тіршілігіне бағытталған Гамлет күмәні: егер біз оған мән беріп, құлақ аспасақ адамзат алдында мәңгі шешілмес сұрақ болып қалатыны сөзсіз. Техникалық даму әлемде құлашын кеңге жайды, осыған орай адам да табиғатты құл қылуға барын салуда. Ұлы бабаларымыз қолдан соққан әлемдік мәдениет пен ойдың көзсіз мұхитын меңгеруде біздер олқы түсіп жатырмыз. Өкінішке орай, әлем халықтары бастарына төнген қатерді аңғаруда мешеулік танытуда.

Интеллектуалдық және идеологиялық көзсіздік

қоғамда болып жатқан ақиқаттан алыстатып, адамды апат жолына моральдық, адамгершілік, рухани дағдарысқа белшесінен батырды. Үшінші мыңжылдық біздің ортақ үйіміз – жер бесігіміз де төтенше өзгертулер енгізуді талап етеді. Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен кітап мәдениетімен руханиятты қорғауда тендесі жоқ қару болып табылады.

Кітап адамзат баласына ағарту һәм білім сыйлай береді. Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қилы құпия сырлары сақталған. Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі. Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылуын сеніп тапсырған.

Кітап біздің алға жылжуымызда катаклизмдерден арылуымызда, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуде өлшеусіз ақыл қосады.

Кітап – ең сабырлы ұстаз. Тек кітап ғана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып-білуге үйретеді” [4], – деген болатын.

Әлемдік өркениет кеңістігіндегі кітап мәдениетінің өрбу барысын материалдық және рухани қызметтің бастамасы ретінде синтездеп, сараптаған шетелдік ғалым В.В. Фарсобин 1931 жылы “кітаптың өзге ғылымдардан шегін нақты белгілеу қажет, алайда мұндай жұмыс әлі қолға алынған емес” [5], – деген еді. Фарсобиннің кітапты палеографиямен, кодикологиямен салыстырған нақты себептері мен пікірімен келісе бермеуге де болады (Батыста кітаптану кодикология деген атау алған). Себебі француз ғалымы А. Дэн “кодикология” терминін ұсына отырып, оның пәні “хат емес, қолжазбалардың өзі” [6] деп атаған болатын. Ал Ресей кітаптанушысы Л.И. Киселев осындай терминге жүгіне отырып, мынандай анықтама береді: “Кодикологияның пәні мазмұны мен негізіне қарамастан, тапсырыспен дайындалған кітап болса-дағы немесе “массалық таралыммен сату үшін немесе кеңселерде тіркеулер жазылған қолжазба кітап болып табылады” [7].

Қазіргі әлемдік мәдениет көпқырлы болғандықтан, кітап мәдениетінің идеясы да, айтар ойы да әртүрлі. Сондықтан кітап ісінде де бір-бірін толықтыратын әрі бір-бірін алшақтататын да философиялық идеялар, көптеген тұжырымдар бар. Соның ең маңызды деген тұстарына тоқталайық:

Шетелдік феноменолог Э. Гуссерль үшін кі-

тап оқырмандар қабылдауға арналған, автордың өмір жолындағы тәжірибесінің белгілік пішіндегі мазмұндамасы. Кітапта барлық мән мен маңыз, түсінік пен құндылықтарды ашатын сезімнің ұшығынан мағлұмат беріледі. Сондықтан да кітап сезім мен көңілге тікелей әсер ете алатындай болуы керек. Әйтпесе ол қызықсыз әрі мәнсіз болып қалады. Феноменологиялық икемде жазылған кітаптың авторы драмалық талантқа ие болу керек. Мұндай талап “лирикке” де, “физикке” де қатар қойылады деген пікірді жақтайды [8].

Ал Х. Гадамер сезім әлемі бәрінен соңғы үлеске ие болады деп түсінген. Олар кітапты авторға белгілі болған бірнеше істің мәні жинастырылған мәтін деп қарастырады. Осы мәнді автор оқырман қолдануына жарамды, түсінікті етіп, өзіндік құпиялылығын арттыратындай белгілік пішінде қағаз бетіне түсіру керек [9] деген ой түйеді.

Ал герменевтикалық тұрғыдан автор оқырманға бір жағдайда ғана көмекке келе аламын деп ойлайды: шақырған үнге сондай үн қосқысы келіп тұратындай оқылымды мәтін жазу. Герменевтиктер осы мәтін оқырманға сырт қарамауы тиіс дегенді жиі айтады. Герменевтиктердің мәтінде оқырманның танымдық өресін кеңейтуге негізделген көптеген сауалдар жасақталады.

Коммуникативті ақылды танытушы философ Ю. Хабермас кітаптағы мәтін оқырманды қауымдастықпен қарым-қатынасқа және автормен байланысқа түсуге шақыратындай болу керек [10] деп түсінеді. Кітап оқушы мен идеалды ғалымдар қоғамымен байланыстағы пішіннің бірі болып табылады. Кітапты тек өз атынан жазатын автор, олардың түсінігінше нашар автор боп келеді.

Енді сараптамалық философияның белгілі күш кескіні, яғни позитивистер, постпозитивистер және кітап қатынасы концепциясын жақтаушылардың пікіріне жүгініп көрелік:

Неопозитивист Л. Витгенштейн кітапты теорияға қарағанда бұрынғы кезекте алға тартылатын эксперименталды дәйектерді реттеу мен саралау формасы деп қарастырады. Ол – семантика, теория, дәйектерді суреттейді. Кітаптың оқырмандары кітап мәтінімен кездескенде автормен емес, дәйекті тұжырымдайтын, ұлы абсолютті ақиқаттың өзімен қарым-қатынасқа

түсіп отырғандай әсер қалыптастыруы керек деп біледі [11].

Постпозитивист К. Поппер кітаптың теориялық дәйектеріне көбірек жүгінеді. Оларға теория өзге және басқа жетістіктердің бөлігінен құралатынын көрсету маңыздырақ. Неопозитивистер кітаптағы бір теорияға постпозитивистер бірнеше теорияны ұсынып, оқырманды кітап арқылы ғылыми деңгейдің өсіп келе жатқандығына, соның ішінде, концептуалды білімнің артқандығына назар аударуға үйретеді [12].

Ал Дж. Остин семантикалық позициядан бас тартады. Олар кітаптың әрбір сөзін жеке-жеке қарастыра отырып, кітаптағы жазылған мәтіннің мәнін ашуға барлық күш-жігерін жұмсайды [13]. Оларды концептуалды, глобальді жағдай емес, локальді жағдай көбірек қызықтырады. Кітап мәтінінің негізінде оқырман нақты бір жағдайларда шешім қабылдауды үйренеді деп түсінеді.

Постструктуралист М. Фуко әр саланы талқылайтын, жалпыны құрайтын кітаптың мәнін көптеген тілдік ойындармен қамтылған [14] дейді.

Постмодернист Ж. Лиотар постструктуралисттерге қарағанда, әдеби кітапқа сыни тұрғыда жіті мән береді [15].

Постмодернизм доминанттары – тіл ойындарының агонистикасы, көпқырлылық, үзінділік, кездейсоқтық, екі ұштылық.

Ал ортодоксалды марксистер кітаптан нақты өмірдің, яғни “объективті әлемнің субъективті бейнесінің” шағылысын көреді. Алайда бұл шағылыс бейтарап екендігіне қарамастан нақты әлеуметтік топтардың мүддесінен белгілі бір формасының, бәрінен бұрын ғылым мен идеологияның басты бекіткіші ретінде қатысады.

“Жаһандандыруды 1990 жылдардың басындағы тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерін басып кірген тобырлық люмпен-мәдениет ағынымен шатастыруға болмайды. Рас, сөз бостандығы, порнография, әдеби әдепсіздік, мейлінше еркін пайдаланылды, цензуралық бақылау болған жоқ. Бұл – футурологиялық болжамдар авторының бірінің пікірінше “ұлы мәдени қайта өркендеу” кезеңі болуы тиіс өткен онжылдық тәжірибесі жиынтықтарының бірі. Соған қарамастан, қазақ мәдениетінен толқынды серпіліс байқалады [16]. Дегенмен кітаптың

әртүрлі табиғаты туралы интерпретациялардың құрылымдарын айқындауда оның талқылану өлшемінің көптігінде дау жоқ. Яғни бір-екі ғана тұжырымдамамен кітап мәдениетін түсініп тұжырымдау мүмкін емес екен.

Кітапты ойлап тапқан адам болса, ал енді сол адамның білімін, сана-сезімін өсіріп, күшіне күш, ойына ой қосып, оны қоғам мен табиғаттың қожасына айналдырып отырған да адам. Сондықтан Ф. Бэкон айтқандай: “Кітап – заманалар толқынында тербеліп, үстіндегі қымбат қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой кемесі” [2, 171 б.]. Сонда да ол халқының рухани қазынасын жасап, әлемдік өркениеттегі кітап мәдениетін байытып, оған баға жетпес қызмет етіп келеді.

Әдебиеттер

- 1 История книги / под редакцией А.А. Говорова, Т.Г. Куприяновой. – М.: Светотом, 2001. – 400 с.
- 2 Ақылдың кені / Құраст. Қ. Жарықбаев. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256-б.
- 3 Қозыбаев М. Өркениет хақында // Қазақ өркениеті. – 2001. – №1. – 5 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Кітап – ең сабырлы ұстаз // Егемен Қазақстан. – 2001. – 20 сәуір.
- 5 Фарсобин В.В. Источниковедение и его

метод. – М.: Наука, 1983. – 228 с.

6 Дэн А. Концепция общества / сост. Н.Л. Полякова. – М., 1996. – 105 с.

7 Киселев Л.И. Западноевропейская рукописная и печатная книга XIV–XV вв: Кодикологические и книговедческие аспекты / отв. ред. А.Д. Люблинская, А.Н. Немилов. – М.: Наука, 1985. – 303 с.

8 Гуссерль Э. Феноменология внутреннего сознания времени. – М., 1994. – 192 с.

9 Гадамер Х. Истина и метод. – М.: Прогресс, 1988. – 704 с.

10 Хабермас Ю. Современное сознание и его потребность в самоудостоверении. – М., 1997. – 56 с.

11 Витгенштейн Л. Логико-философский трактат. – М.: Гнозис, 1994. – 209 с.

12 Поппер К. Современная философия науки. – М., 1996. – 106 с.

13 Остин Дж. Значение слова. – М.: ДИК: Идея пресс, 1999. – 326 с.

14 Фуко М. Слово и вещи. – СПб., 1994. – 406 с.

15 Лиотар Ж.-Ф. Феноменология / пер. с англ. и послесл. Б.Г. Соколова. – СПб.: Лаборатория метафизических исследований при философском фак-те СПбГУ; Алетейя, 2001. – 151 с.

16 Сүлейменов О. Мәдениет пен өркениет // Дүние. – 2003. – №3. – 23 б.

Р.С. Абдиева

Развитие книжной культуры в пространстве мировой цивилизации

В этой статье описывается развитие книжной культуры. У каждой исторической эпохи есть своя ценностная ориентация на печатное слово. Историко-системный подход в сочетании с историко-сравнительным позволил исследовать заявленную тему в динамике, изучить в тесной взаимосвязи с общефилософским развитием общества, его отдельных процессов, связанных с формированием и развитием книжной культуры. Автор рассматривает разные вопросы, касающиеся этой темы, приводит примеры, философские идеи, использует метод научной дедукции.

Ключевые слова: цивилизация и книга, палеография книги, кодикология книги, герменевтическая семантика, доминанты постмодернизма, интерпретационные структуры.

R. Abdyeva

The development of book culture in space world civilization

In this article the author writes about the development of book industry in the are of globalization. The civilization and culture has always been together through the history. Book is a part of history.

At each historic epoch there is valuable orientation on printed word. Historic the systemic approach in combination with historic-comparative has allowed to investigate declared subject in dynamics, to learn in tight correlation with general philosophic development society, his separate processes, the connected with forming and development book culture.

The author gives examples, philosophical ideas, use scientific researches' deduction too.

Keywords: civilization and book, book paleography, book kodikologiya, germeneytichesky semantics, postmodernism dominants, interpretative structures.